


ҚАЗАҚ ТІЛІ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КЕСТЕЛЕР МЕН СЫЗБАЛАР



5-11
сыныптар


Қазақ тілі. Электрондық кестелер мен сызбалар. 5-11-сыныптарға арналған /
құраст.: Б.Қ.Қапасова. – Астана: «Арман-ПВ», 2012

ISBN 978-601-220-351-6

© «Арман-ПВ» баспасы, 2012







ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Дауысты дыбыстар

тілдің

жақтың

ерін мен езудің

қатысына қарай

жуан

жіңішке

ашық

қысаң

еріндік

езулік

а

о

ұ

ы

у

(су, бу)

ә

е

и

ө

ү

і

у

(беру, келу)

а

ә

е

о

ө

э

и

ы

і

ұ

ү

у

о

ө

ұ

ү

у

а

ә

е

і

ы

и

э

Дауыссыз дыбыстар

қатаң

ұяң

үнді

к

қ

п

с

т

ф

х

һ

ш

ч

ц

щ

г

ғ

б

з

д

в

ж

й

л

м

н

ң

р

у

(бау, аяу)

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

БУЫН ҮНДЕСТІГІ

Сөз ішінде, сөз бен қосымша арасында дауыстылардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып үндесуі

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар

- Көмектес септік жалғауы: *доп-пен, өзен-мен* т.б.
- -нікі, -дікі, -тікі: *қала-нікі, Әсет-тікі* т.б.
- -жан, -тай, -тал, -дар, -еке: *көке-жан, әке-тай, өсім-тал, білім-дар, ата-еке* т.б.
- -хана, -стан, -кент, -күнем: *дәрі-хана, Пәкі-стан, Шым-кент, пайда-күнем* т.б.
- -гер, -қор, -паз, -қой, -гөй, -кеш, -кес, -уар: *қалам-гер, пәле-қор, өнер-паз, кәсіп-қой, бата-гөй, кіре-кеш, зиян-кес, сөз-уар* т.б.
- -ов, -ев, -ин: *Сәрсенбек-ов-тің, Жұмаба-ев-тың* т.б.
- -бей, -би: *бей-берекет, бей-бастық, би-шара* т.б.

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ

Сөз бен қосымша, сөз бен сөздің аралығында дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі өзіне ұқсата әсер етуі

Түрлері

ілгерінді ықпал

Алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатып алуы

*Қаракөз – Қарагөз,
алып бер – алыппер,
Нұркелді – Нұргелді*

кейінді ықпал

Кейінгі тұрған дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатып алуы

*Қазса – қасса,
мектеп+i – мектебі,
тап+y – табу*

Ескерту. Қатар келген екі дыбыстың бір-біріне әсер етіп, ықпал жасауы тоғыспалы ықпал деп аталады.

ТОҒЫСПАЛЫ ЫҚПАЛ

Көрші дыбыстардың ілгерінді-кейінді бір-біріне әсері

*Он қой – оңғой, дос-жаран – дошшаран,
күн кешті – күңгешті*

Буын – сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстар тобынан жасалған фонетикалық бөлшек

А-па, мек-те-бі-міз-де т.б.

Ерекшеліктері

- Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуы тиіс
- Бір буын ішінде дауысты дыбыс біреуден артық болмау керек
- Буында мағына болмайды
- Бас (бірінші) буын болмаса, қалған буындар, негізінен, дауыстыдан басталмайды

Буын түрлері

Ашық буын – бір ғана дауысты дыбыстан болатын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын буын

Ә-ке, та-ға-ла-ды т.б.

Тұйық буын – дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталатын буын

Ар, ұқ, ұт, ант, өрт, ұлт т.б.

Бітеу буын – дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын буын

Бас, бас-тық, бұл-бұл-дар, қант, жарқ, қарт т.б.

Тасымалдау ережелері

Мысалдар

Сөздер буын жігімен бөлінеді

Тө-менірек, төме-нірек, төмені-рек т.б.

й, у, н дыбыстары бар сөздерде бұл дыбыстар келесі буынның басында жазылады

Да-уыс, са-уат, да-йындық, құ-йын, қо-ңыз т.б.

Үш дауыссыз қатар келгенде, алдыңғы жолда екі дауыссызды қалдырып, келесі жолға үшінші дауыссызды шығарып тасымалдайды

Құмырс-қа, жаңғырт-ты, кұңгірт-теу т.б.

У, и әріптері бар сөздер тасымалданғанда, келесі буын дауысты әріптен басталады

Бу-ын, су-ық, қи-ын, жу-ын т.б.

Екі, үш, төрт, бес әріптен құралған бір буынды сөздер жеке тұрғанда тасымалданбайды

А-па немесе *сп-орт* деп жазу дұрыс емес

Кісі атының қысқартылып алынған әрпін тегінен бөліп, келесі жолға көшіруге болмайды

Б.-С. Омарова немесе *Ж.Қ.-Асанов* деп жазу дұрыс емес

Цифрмен таңбаланған сандарды қысқарған атауларынан бөліп тасымалдауға болмайды

30-ға немесе *120-кг* деп жазу дұрыс емес

Алғашқы дыбыстарынан қысқарған сөздер тасымалданбайды

Т-МД немесе *БҰ-Ұ* деп жазу дұрыс емес

СИНОНИМ

Сөздердің мағыналары
бір-біріне жуық

Бір сөз табына қатысты

Дыбысталуы әр түрлі

ОМОНИМ

Сөздердің мағыналары
әр түрлі

Жазылуы бірдей

Дыбысталуы бірдей

АНТОНИМ

Сөздердің мағыналары
бір-біріне қарама-қарсы

Бір сөз табына қатысты

Бір сұраққа жауап береді,
түрленуі ортақ болады

*Айбек пен Нұржан
жолықты –
кездесті – ұшырасты*



• *Омар ата-
ның аты
жүйрік екен*



• *Оның аты –
Айша*



• *Нысананы
көздеп атты*



Қалың кітап – жұқа кітап



СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ӨРІСІНЕ ҚАРАЙ ТОПТАРЫ

Жалпылама лексика

- Күнделікті өмірде қолданылатын барлық сөздер кіреді
- Басқа стильдерде де қолданыла береді (физикада *қуат* – термин, жалпылама лексикада *күш* мағынасында)
- Сөздер тура мағынада жұмсалады

Диалектілік лексика

- Бір халық тіліндегі түрлі ерекшеліктер
- Көпшілігінің әдеби тілде баламалары бар
- Әдеби тілге еніп, тілді байытып отыратын қор

Кәсіби сөздер мен терминдер

- Белгілі кәсіп, шаруашылық, мамандық салаларына қатысты сөздер
- Кәсіби сөздердің әдеби тілде баламалары жоқ
- Терминдер тек тура мағынада қолданылады
- Стильдік бояуы болмайды

Көнерген сөздер

- Қолданыстан шығып қалып, мағыналары көмескіленген
- Тарихи сөздер мен архаизмдер болып бөлінеді
- Тұрмыс зат атауларына, әдет-ғұрыпқа, таным-түсінікке, саясатқа қатысты сөздер

Жаңа сөздер

- Жаңа ұғым мен мағыналарға, түсініктерге байланысты қолданысқа кіреді
- Бірте-бірте сөздік қорға еніп, жалпылама қолданысқа түскенде, жаңа сөз болудан қалады
- Жаңа сөздер басқа тілден аудару, тілде бар сөздерді жаңғырту, басқа тілдегі қалпын сақтау тәсілдерімен жасалады

Лексикалық жолмен жасалған туынды сөздер

Сөздің сыртқы түрі өзгермей,
жаңа мағынаға ие болады

- көк – түр-түсті білдіреді
- көк – шөп, жасыл өсімдік
- көк – аспан мағынасында қолданылады

Бірігу жолымен жасалған туынды сөздер

Екі немесе одан да көп сөз
бірігіп, жаңа мағына береді

*Бағдаршам, кемпірқосақ,
тасбақа т.б.*

Қосарлану жолымен жасалған туынды сөздер

Екі сөз қосарланып, бір
мағынаны анықтайды

*Ата-ана, бала-шаға,
ауыл-аймақ т.б.*

Тіркесу жолымен жасалған туынды сөздер

Екі немесе одан да көп сөздер
құралып, бір мағынаны береді

*Жер жүзі, теміржол,
жер серігі т.б.*

Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер

Түбір сөздерге сөз тудырушы
жұрнақтар жалғанып, жаңа
мағыналы сөздер жасалады

*Оқу-шы, біл-ім-ді,
кәсіп-кер т.б.*

СӨЗЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ

СӨЗ ТҮЛҒАСЫ

түбір

қосымша

Ерекшеліктері

- Сөздің мағына беретін бөлшегі
- Қосымшасыз да дербес мүше
- Сөйлем мүшесі бола алады
- Дара түрде, қосымша жалғап, қосарланып, бірігіп, қайталанып, тіркесіп те қолданылады
- Түбірге бір немесе бірнеше қосымша жалғанса да, тұлғасын сақтайды

- Түбірден бөлек тұрып мағына бере алмайды
- Түбірге жаңа мағына қосуы немесе үстемелеуі мүмкін: *біл-ім, біл-ді*
- Дербестігі жоқ
- Түбірдің соңғы буын, дыбысының ыңғайына қарай өзгеріп отырады

Түрлері

Негізгі түбір

Бала, су

Туынды түбір

Бала-лық, су-лы

Жұрнақ

Сөз тудырушы

Сөз түрлендіруші

Жалғау

- Көптік
- Тәуелдік
- Септік
- Жіктік

дара

- Түбір сөздер:** *бас, ата, зат, оқы* т.б.
- Туынды сөздер:** *бас-шы, зат-тық, оқу-шы* т.б.
- Жалғаулы сөздер:** *бас-пен, ата-сы, зат-қа, оқы-ды*

күрделі

- Біріккен және кіріккен сөздер:** *тасбақа, бүгін, Ақсу* т.б.
- Қос сөздер:** *бала-шаға, ата-ана* т.б.
- Тіркесті сөздер:** *қара сұр, тас жол* т.б.
- Қысқарған сөздер:** *ААҚ, ЖШС, БҰҰ* т.б.

СӨЗДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІНЕ ҚАРАЙ БӨЛІНУІ

атауыш сөздер

Белгілі бір мағынаны білдіреді, ұғым атауы болады

Сөйлемде дербес қолданыла алады

Жұрнақ, жалғау жалғанады

Сөйлем мүшесі болады

Басқа сөйлем мүшелерімен грамматикалық қатынас жасай алады

көмекші сөздер

Лексикалық мағыналары жоқ не көмескіленген

Атауыш сөздерге тіркесіп қолданылады

Жаңа сөз жасай алмайды, ішінара түрленеді

Жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайды, атауыш сөздермен тіркесіп қызмет атқарады

Байланыстырушылық, грамматикалық қатынасты білдіру қызметін атқарады

одағайлар

Көңіл күйді білдіреді

Сөйлем мүшесі бола алмайды

сөз таптары

- Зат есім
- Сын есім
- Сан есім
- Есімдік
- Етістік
- Үстеу
- Еліктеу

- Шылау

- Одағай

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

	жекеше	көпше
I	Менің оқушым	Біздің оқушыларымыз
II	Сенің оқушың	Сендердің оқушыларың
	Сіздің оқушыңыз	Сіздердің оқушыларыңыз
III	Оның оқушысы	Олардың оқушылары

	жекеше	көпше
I	Менің ұстазым	Біздің ұстаздарымыз
II	Сенің ұстазың	Сендердің ұстаздарың
	Сіздің ұстазыңыз	Сіздердің ұстаздарыңыз
III	Оның ұстазы	Олардың ұстаздары

ЖІКТІК ЖАЛҒАУ

	жекеше	көпше
I	Мен оқушымын	Біз оқушымыз
II	Сен оқушысың	Сендер оқушысыңдар
	Сіз оқушысыз	Сіздер оқушысыздар
III	Ол оқушы	Олар оқушылар

	жекеше	көпше
I	Мен ұстазбын	Біз ұстазбыз
II	Сен ұстазсың	Сендер ұстазсыңдар
	Сіз ұстазсыз	Сіздер ұстазсыздар
III	Ол ұстаз	Олар ұстаздар

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ЖІКТЕЛУ ТОПТАРЫ

I топ: қалып етістіктері, есімше, зат есім, сын есім, есімдік, үстеу			II топ: -а, -е, -и және -ып, -іп, -п жұрнақты көсемшелер		III топ: етістіктің жедел өткен шағы, шартты рай		IV топ: етістіктің бұйрық райы	
жекеше								
I мен	отыр оқыған оқушы аласа қалай шапшаң	-мын	бара оқи	-мын	айтты айтса келді келсе	-м	айт	-айын
			барып оқып	-пын			іш	-ейін
II сен сіз	отыр оқыған оқушы аласа қалай шапшаң	-сың -сыз	бара оқи барып оқып	-сың -сыз	айтты айтса	-ң -ңыз	айт	-ыңыз
					келді келсе	-ң -ңіз	іш	-іңіз
III ол	отыр оқыған оқушы аласа қалай шапшаң		бара оқи	-ды	айтты айтса келді келсе		айт	-сын
			барып оқып	-ты			іш	-сін
көпше								
I біз	отыр оқыған оқушы аласа қалай шапшаң	-мыз -быз	бара оқи	-мыз	айтты айтса	-қ	айт	-айық
			барып оқып	-пыз	келді келсе	-к	іш	-ейік
II сендер сіздер	отыр оқыған оқушы аласа қалай шапшаң	-сыңдар -сыздар	бара оқи барып оқып	-сыңдар -сыздар	айтты	-ңдар	айт	-ыңдар -ыңыздар
					айтса	-ңыздар		
					келді	-ңдер	іш	-індер -іңіздер
					келсе	-ңіздер		
III олар	отыр оқыған оқушы аласа қалай шапшаң		бара оқи	-ды	айтты айтса келді келсе		айт	-сын
			барып оқып	-ты			іш	-сін

СЕПТІК ЖАЛҒАУ

Септік аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдары
Атау септік	кім? не?		бала мектеп
Ілік септік	кімнің? ненің?	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің	баланың мектептің баласының мектебінің
Барыс септік	кімге? неге? (қайда?)	-ға, -ге, -қа, -ке -на, -не (III жақ тәуелдік жалғаудан соң) -а, -е (I жақ тәуелдік жалғаудан соң)	балаға мектепке баласына мектебіне балама мектебіме
Табыс септік	кімді? нені?	-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні -ын, -ін, -н (III жақ тәуелдік жалғаудан соң)	баланы мектепті баласын мектебін
Жатыс септік	кімде? неде? (қайда?)	-да, -де, -та, -те -нда, -нде (III жақ тәуелдік жалғаудан соң)	балада мектепте баласында мектебінде
Шығыс септік	кімнен? неден? (қайдан?)	-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен	баладан мектептен баласынан мектебінен
Көмектес септік	кіммен? немен? (қалай?)	-мен, -бен, -пен (жуан түрі болмайды)	баламен мектеппен баласымен мектебімен

- Заттың, құбылыстың атауын, есімін білдіреді
- *Кім?* (адам, мамандық, туыстық атаулар) *не?* сұрақтарына жауап береді
- Септік, көптік, тәуелдік, жіктік (мамандық, кәсіпке қатысты зат есімдер) жалғауларды қабылдайды

Түрлері

Мағынасына қарай

Жалқы және жалпы есімдер

Ертіс, Балқаш, Семей, өзен, көл, қала т.б.

Деректі және дерексіз есімдер

Қалам, дәптер, қой, бала, сезім, күш, үміт, ақыл, ой т.б.

Құрамына қарай

Негізгі зат есімдер

Бала, кітап, ауыл т.б.

Туынды зат есімдер

Балалық, кітапхана, ауылдас т.б.

Күрделі зат есімдер

Қарлығаш, күнбағыс, белбеу, тасбақа, қарақат т.б.

Біріккен, кіріккен зат есімдер

Ата-ана, бала-шаға, ел-жұрт, ой-пікір, отын-су т.б.

Қосарланған зат есімдер

Ауыл шаруашылығы, балалар бақшасы, күн тәртібі т.б.

Тіркескен сөздерден жасалған зат есімдер

ТМД, ҚазҰУ, пединститут, медколледж т.б.

Қысқарған зат есімдер

ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕР

Кісінің аты-жөндері

Айжан Нұржанова, Гүлім Асанова, Ербол Мұратов – жетінші сынып оқушылары



Географиялық,
астрономиялық
атаулар

*Ертіс өзені Қазақстанның Өскемен, Семей,
Павлодар сияқты үлкен-үлкен қалаларынан
өтеді*



Газет, журнал,
кітап, ән, күй
аттары

*Назымның кітап сөресінде «Ақ желкен»
журналы, «Ертегілер» кітабы және
«Қошақаным» әнінің нотасы тұр*



Мекеме, ұйым,
өндіріс, өнеркәсіп
аттары

Біз «Заңғар» сауда үйінде болдық



Мал, хайуанаттарға
қойылған аттар

*Нұрбек ағайдың Ерқоңыр атты жүйрік
тұлпары, Алыпсоқ деген иті бар*



Лексика-грамматикалық ерекшеліктері

Заттың түрлі белгілерін анықтайды (қандай?):

- түр-түсін: *ақ, көк, қызыл, сары, жасыл, торы* т.б.
- сапасын: *жақсы, нашар, тәуір, алғыр* т.б.
- көлемін: *кең, тар, ұзын, қысқа, кіші, үлкен* т.б.
- дәмін: *ащы, тұщы, тәтті, күлімсі, қышқыл* т.б.
- салмағын: *ауыр, жеңіл* т.б.

Зат есімге анықтауыш болып тіркескенде өзгеріске ұшырамайды: *зерек оқушы(-ны), жеңіл жүк(-тің), кең бөлме(-де)* т.б.

Септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларды қабылдамайды. Егер жалғау жалғанса, субстантивтеніп (заттанып) кетеді: *Үлкенге* (кімге?) – *құрмет, кішіге* (кімге?) – *ізет* (мақал)

Сын есімге тән қосымшалар – шырай жұрнақтары.

Шырай – біртектес сынның бірінен екіншісінің артық не кемдігін, яғни түрлі дәрежеде болатынын білдіретін сын есім формалары

Сөйлемдегі қызметі:

- анықтауыш: *Биік таулар алыстан мұнартып көрінеді.*
- бастауыш: *Ұялиақ сыбағасынан құр қалады (мәтел).*
- баяндауыш: *Әлсіз адам сүріншек (мақал).*
- толықтауыш: *Білімдіден шыққан сөз*
Талаптыға болсын кез (Абай).
- пысықтауыш: *Айша кітаптарын таза ұстайды*

СЫН ЕСІМ ТҮРЛЕРІ

СЫН ЕСІМ ТҮРЛЕРІ

Тұлғасына қарай

Негізгі сын есімдер

*Қызыл, сұр,
үлкен, ақ т.б.*

Туынды сын есімдер

*Үлгілі, өнерпаз,
таулы, түскі т.б.*

Құрамына қарай

Дара сын есімдер

*Шұбар, әдепті,
білімді, тапқыр,
қоңыр т.б.*

Күрделі сын есімдер

*Қара ала, көк
көйлекті, үлкенді-
кішілі т.б.*

Мағынасына қарай

Сапалық сын есімдер

*Тәтті, кең, жеңіл,
қоңыр, ұзын т.б.*

Қатыстық сын есімдер

*Малды, балалы,
күзгі, көлді т.б.*

Шырай түрлері

Салыстырмалы шырай – зат белгілерінің артық-кемдігін бір-бірімен салыстыру арқылы анықтайтын шырай түрі



Күшейтпелі шырай – зат белгілері басқа зат белгілерімен салыстырғанда өте артық немесе өте кем екендігін анықтайтын шырай түрі



Жасалу жолдары

**-рақ, -рек,
-ырақ, -ірек**

*Қаттырақ,
басымырақ* т.б.

**-лау, -леу, -дау,
-деу, -тау, -теу**

*Аласалау, үлкендеу,
ұзындау* т.б.

**-ғыл, -қыл, -ғылт, -қылт,
-ғылым, -қылтым**

*Дымқыл, бозғыл, сарғылт,
бозғылт, бозғылым* т.б.

**-шыл, -шіл,
-шылтым, -шілтім**

*Көкшіл, ақшылтым,
көкшілтім* т.б.

-аң, -қай, -ша, -ше

*Бозаң, қоңырқай,
толықша, биікше* т.б.

-ғыш, -ілдір

Сарғыш, көгілдір т.б.

*Жап-жасыл, қып-қызыл, қап-қара,
боп-боз, аппақ* т.б.

Сапалық сын есімдердің алдына күшейткіш буынның қосылуы арқылы

Тым қызыл, өте кең, ең әдемі, аса биік т.б.

Өте, тым, аса, ең, тіпті, нағыз, нақ, ал, орасан, керемет, кілең, ыңғай үстеулерінің тіркесуімен

Лексика-грамматикалық ерекшеліктері

Заттың санын, мөлшерін білдіреді

Қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді

Заттың санын анықтайтындықтан, зат есіммен тіркеседі

Басқа сөз таптарынан жұрнақ жалғанып, сан есім жасалмайды

Тілдегі 20 сан есім өз ішінен мағыналық, құрамдық жағынан жіктеледі

Септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларды қабылдамайды. Егер жалғау жалғанса, субстантивтеніп (заттанып) кетеді: *Үшіншінің* (кімнің?) *қызықты кітабы бар екен*

Сөйлемдегі қызметі:

- бастауыш: *Бірінші орнынан тұрды.*
- баяндауыш: *Жасы – 25–26-ларда.*
- анықтауыш: *Үстелде екі кітап жатыр.*
- толықтауыш: *Екіншіні ескі танысына айырбастамады.*
- пысықтауыш: *Балалар екі-екіден бөлінді*

САН ЕСІМ ТҮРЛЕРІ

Құрамына қарай

Дара сан есімдер

Бір түбірден тұрады

Жиырма, төрт, жүз, жетеу, мыңдаған т.б.

Күрделі сан есімдер

Дара сан есімдердің тіркесуі, қосарлануы арқылы жасалады

Бір мың тоғыз жүз жетпіс, он сегіз, жиырма бір т.б.

Мағынасына қарай

Есептік сан есімдер

Заттың нақты саны

Он екі, жиырма бір т.б.

Реттік сан есімдер

Заттың реті

-ыншы, -інші, -ншы, -нші

Төртінші, он жетінші, екі жүз елу алтыншы т.б.

Жинақтық сан есімдер

Заттың жинақталған саны

-ау, -еу

Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу

Болжалдық сан есімдер

Заттың болжау, мөлшер саны

жалғаулармен:

көптік жалғаумен

бестер, үштер, ондар т.б.

көптік және септік жалғаулармен

он екілерде, жиырма үштерде т.б.

-лаған, -леген, -даған, -деген, -таған, -теген

ондаған, жүздеген т.б.

жұрнақтармен:

-лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп

ондап, жүздеп, мыңдап, елулеп т.б.

-дай, -дей, -тай, -тей. Бұл жұрнақтар сан есім тіркескен зат есімдерге жалғанады

бес сағаттай, он шақырымдай т.б.

сөздердің тіркесуімен:

Есептік сан есімдердің қосарлануымен

Бес-алты, он-он бес т.б.

Шақты, шамалы, шамасы, қаралы сөздерінің тіркесуімен

Жүз шақты, он шамасында, мың қаралы т.б.

Топтау сан есімдер

Заттың топталған саны

-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен

Бестен, оннан т.б.

қосарланған сан есімдер

Елу-елуден, үш-үштен, жүз-жүзден т.б.

Бөлшектік сан есімдер

Заттың бөлшектік саны

Бүтін, бөлшек, жарым, жарты, ширек сөздерінің қатысуымен

- $\frac{1}{4}$ – төрттен бір
- $2\frac{3}{4}$ – екі бүтін төрттен үш
- 557,968 – бес жүз елу жеті бүтін мыңнан тоғыз жүз алпыс сегіз
- 5,5 – бес жарым
- 0,5 – бүтіннің жартысы
- 0,25 – бүтіннің ширегі т.б.

ЕСІМДІК. ЕСІМДІКТІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Түрлері	Мағыналары	Грамматикалық сипаты	Мысалдары
Жіктеу есімдігі	Іс-әрекет иесін көрсетеді	• <i>Кім?</i> сұрағына жауап береді • Септеледі • Жіктеледі, сен (сендер), сіз (сіздер), ол (олар) көптеледі • Зат есім орнына қолданылады	<i>Мен, сен, сіз, ол, біз</i> т.б.
Сілтеу есімдігі	Сілтеу, нұсқау, мегзеу мағыналарын білдіреді	• <i>Қай? қайсы?</i> сұрақтарына жауап береді • Зат есім орнына пайдаланса, септеледі, көптеледі, тәуелденеді • Анау, мынау, осынау тәуелденіп барып септеледі • Мына, ана есімдіктері көптеледі, септеледі • Әне, міне өзгеріске ұшырамайды	<i>Бұл, осы, ол, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, әне, міне</i>
Сұрау есімдігі	Жауап алу мақсатында қолданылады	• Ортақ сұрақтары жоқ • Кім, не септеледі, көптеледі, тәуелденеді, жіктеледі • Қашан барыс, жатыс, шығыс септіктерінде түрленеді • Кім, не, қайсы көптеледі • Кім, не, қандай, қанша, қалай, қайда, қайдан, нешінші жіктеледі	<i>Кім, не, неше, қай, қалай, қандай, қанша, қайда, қайдан, қайсы, нешеу, нешінші, қашан, қайдағы, қашанғы</i> т.б.
Өздік есімдігі	Меншіктік, иелік мағынаны білдіреді	• Өз сөзі ғана жатады. Септеледі, көптеледі, жіктеледі • Көбіне тәуелдеулі қолданылады • Зат есім мен жіктеу есімдіктерінің орнын айырбастайды	<i>Өз жұмыстарын, өз ісім, өз балаң</i> т.б.
Жалпылау есімдігі	Екі немесе одан да көп заттар мен құбылыстарды біріктіру, жинақтау мәнінде қолданылады	• Зат есім, сын есім орнына жүреді • Жіктік жалғауды қабылдамайды • Заттық мағынаны білдірген кезде тәуелденіп барып септеледі	<i>Бәрі, күллі, түгел, барша, бар, барлық, бүкіл, бүтін</i> т.б.
Белгісіздік есімдігі	Затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді нақты көрсетпей, тұспалдап, болжап, мөлшерлеп көрсетеді	• Әркім, әлдекім, әрне, әлдене, біреу, кейбіреу, бірдеме, бірдене, кімде-кім зат есім орнына • Әр, әрбір, бір, кейбір, қайсыбір, қайбір сын есім орнына • Әлденеше, біраз, бірнеше сан есім орнына • Әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайдан үстеу орнына	<i>Біреу, кейбіреу, бірдеме, әрне, әркім, әлдекім, әлдене, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, әлдеқашан, әрқашан, әлдеқайдан, әлдеқалай, әрқалай, бірнеше, әр, әрбір</i> т.б.
Болымсыздық есімдігі	Заттық, сындық ұғымды білдіреді	• Еш сөзі мен кейбір есімдіктердің бірігуінен жасалады, сондай-ақ дәнеме, дәнене сөздері кіреді • Ешкім, ештеме, ештеңе, ешқайсы, дәнеме, дәнене зат есім орнына • Ешқандай, ешбір сын есім орнына • Ешқайдан, ешқайда үстеу орнына • Жіктік жалғауды қабылдамайды • Сөйлемде жоқ, емес сөздерімен және етістіктің болымсыз түрімен байланыста қолданылады	<i>Ештеме, ештеңе, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайдан, ешқайсы, дәнеме, дәнене</i> т.б.

ЕСІМДІКТІҢ ТҮРЛЕНУІ

септелуі

Септіктер	мен, сен	ол	өзі	бұл	қайсы	барлық	бәрі	ешкім
Атау септік	мен, сен	ол	өзі	бұл	қайсы	барлық	бәрі	ешкім
Ілік септік	менің, сенің	оның	өзінің	бұның	қайсының	барлығының	бәрінің	ешкімнің
Барыс септік	маған, саған	оған	өзіне	бұған	қайсыған	барлығына	бәріне	ешкімге
Табыс септік	мені, сені	оны	өзін	бұны	қайсыны	барлығын	бәрін	ешкімді
Жатыс септік	менде, сенде	онда	өзінде	бұнда	қайсында	барлығында	бәрінде	ешкімде
Шығыс септік	менен, сенен	онан	өзінен	бұнан	қайсыдан	барлығынан	бәрінен	ешкімнен
Көмектес септік	менімен, сенімен	онымен	өзімен	бұнымен	қайсымен	барлығымен	бәрімен	ешкіммен

жіктелуі

	жіктеу есімдігі	сұрау есімдігі	өздік есімдігі
I	менмін	мен кіммін	мен өзімін
	бізбіз	біз кімбіз	біз өзіміз
II	сенсің	сен кімсің	сен өзісің
	сізсіз	сіз кімсіз	сіз өзісіз
	сендерсіңдер	сендер кімсіңдер	сендер өзісіңдер
	сіздерсіздер	сіздер кімсіздер	сіздер өзісіздер
III	ол	ол кім	ол өзі
	олар	олар кімдер	олар өздері

тәуелденуі

	жекеше			
	менің оным	бұным	кімім	барым
I	сенің оның	бұның	кімің	барың
	сіздің оныңыз	бұныңыз	кіміңіз	барыңыз
II	оның онысы	бұнысы	кімі	бары
III	көпше			
I	біздің оларымыз	бұларымыз	кіміміз	барымыз
II	сендердің оларың	бұларың	кімдерің	барларың
	сіздердің оларыңыз	бұларыңыз	кімдеріңіз	барларыңыз
III	олардың олары	бұлары	кімдері	барлары

Лексика-грамматикалық ерекшеліктері

Заттың қимыл, іс-әрекеті мен амалын білдіреді

Не істеді? қайтты? не қылды? деген сұрақтарға жауап береді

Етістік сөздердің жиі қолданылатын мағыналары:

- іс-әрекет, қимыл: *оқы, жаз, күл* т.б.
- қозғалыс: *өрмеле, еңбекте, қаш, жүз* т.б.
- қалып күйі: *мұңай, қуан, шаттан, күл, өкін* т.б.
- сапалық белгіге қатысты қимыл: *көбей, ұзар, қызар, көгер* т.б.
- бейнелеу-еліктеу мағынасы: *сартылда, тарсылда, жарқылда, пысылда, сақылда* т.б.

Сөйлемдегі қызметі:

- баяндауыш: *Назым кітапты көп оқиды.*
- бастауыш: *Оқығаны әңгімелер екен.*
- анықтауыш: *Оқушылардың әңгіме жазатын тақырыптары да дайын екен.*
- толықтауыш: *Батыр мақтанса, жауға шапқанын айтар* (мақал).
- пысықтауыш: *Әңгімені немерелері қызығып тыңдады*

Күрделі етістіктердің құрамы

Негізгі етістік

Күрделі етістік құрамында **бірінші** тұратын етістік

Негізгі мағынаны білдіреді

Көмекші етістік

Күрделі етістік құрамында **екінші** тұратын етістік. Кейде көмекші етістік біреу емес, бірнешеу болуы да мүмкін

Қосымша мағына үстейді

ЕТІСТІК РАЙЛАРЫ

Лексика-грамматикалық сипаты

1. Сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың шындыққа қатысын білдіретін етістік формалары

2. Істің болу, болмауы туралы хабарлау

3. Сөйлеуші көзқарасын көрсететін түрлі модальдық мағыналарды білдіреді

Түрлері

Ашық рай – осы, келер, өткен шақтағы іс-әрекет. Сөйлеушінің қимылдың өту, өтпеуі туралы көзқарасын, баяндауын көрсетеді

Ләйла институтта екінші курста оқып жүр. Енді екі жылдан кейін институтты бітіреді

Бұйрық рай – іс-әрекеттің орындалуына бұйрық беру, әмір ету мағынасындағы рай түрі

- I жақ **-йын, -йін, -йық, -йік, -лық, -лік**
- II жақ **-ыңыз, -іңіз, -ындар, -індер, -ыңыздар, -іңіздер**
- III жақ **-сын, -сін**

Қалау рай – сөйлеушінің, қимыл иесінің істі орындау, орындамауға ықыласы ауғандығын, тілегін көрсететін рай түрі

- **-ғы, -гі, -қы, -кі** тәуелдік жалғауы және **кел** көмекші етістігі тіркесуімен
- **-са, -се** жұрнағына жіктік жалғау және **игі еді, екен** сөздері тіркесуімен

Шартты рай – келешек болар істің шартын білдіретін рай түрі

-са, -се жұрнағына жіктік жалғау тіркесуімен

	Бұйрық рай	Қалау рай		Шартты рай
жекеше				
I	Мен оқиын (келейін)	Менің оқығым келеді	Мен оқысам игі еді (оқысам екен)	Мен алсам (көрсем)
II	Сен оқы (кел)	Сенің оқығың келеді	Сен оқысаң игі еді (оқысаң екен)	Сен алсаң (көрсен)
	Сіз оқыңыз (келіңіз)	Сіздің оқығыңыз келеді	Сіз оқысаңыз игі еді (оқысаңыз екен)	Сіз алсаңыз (көрсеніз)
III	Ол оқысын (келсін)	Оның оқығысы келеді	Ол оқыса игі еді (оқыса екен)	Ол алса (көрсө)
көпше				
I	Біз оқиық (келейік)	Біздің оқығымыз келеді	Біз оқысақ игі еді (оқысақ екен)	Біз алсақ (көрсек)
II	Сендер оқындар (келіндер)	Сендердің оқығыларың келеді	Сендер оқысандар игі еді (оқысандар екен)	Сендер алсандар (көрсендер)
	Сіздер оқыңыздар (келіңіздер)	Сіздердің оқығыларыңыз келеді	Сіздер оқысаңыздар игі еді (оқысаңыздар екен)	Сіздер алсаңыздар (көрсеніздер)
III	Олар оқысын (келсін)	Олардың оқығысы келеді	Олар оқыса игі еді (оқыса екен)	Олар алса (көрсө)

Жұрнақтары

- **-ған, -ген, -қан, -кен:** бұрынғы өткен шақ жасалады
- **-атын, -етін, -итын, -итін:** ауыспалы өткен шақ, ауыспалы келер шақ жасалады
- **-ар, -ер, -р:** болжалды келер шақ жасалады
- **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек:** мақсатты келер шақ жасалады
- **-с:** болжалды келер шақтың болымсыз түрі жасалады

Есімдерге ұқсастығы

Септеледі

Атау септік	оқыған
Ілік септік	оқығанның
Барыс септік	оқығанға
Табыс септік	оқығанды
Жатыс септік	оқығанда
Шығыс септік	оқығаннан
Көмектес септік	оқығанмен

Тәуелденеді

жекеше

I Менің айтатыным

II Сенің айтатының
Сіздің айтатыныңыз

III Оның айтатыны

көпше

I Біздің айтатынымыз

II Сендердің айтатындарың
Сіздердің айтатындарыңыз

III Олардың айтатындары

Көптеледі

Қағаз
жазғандар,
кітап
оқытындар т.б.

Заттық, сындық мағына береді

- Баратындар (кімдер?) толық жиналды.
- Әндеткен (қай? немесе қандай?) балалар үйдің қасынан өтті
- Айтпағымыз (неміз?) осы еді.

Етістіктерге ұқсастығы

Қимыл, әрекетті білдіреді

- Кеше ауылдан жолдастары келген.
- Анасы бәріне кітап оқытатын, сурет салғызатын
- Ертең қалаға жүрмек

Жіктеледі, шақты анықтайды

жекеше

I Мен оқығанмын

II Сен оқығансың
Сіз оқығансыз

III Ол оқыған

көпше

I Біз оқығанбыз

II Сендер оқығансыңдар
Сіздер оқығансыздар

III Олар оқыған

Жұрнақтары

- **-ып, -іп, -п:** бұрынғы өткен шақ жасалады
- **-а, -е, -и:** ауыспалы осы шақ, келер шақ жасалады
- **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** жіктелмейді

Жіктеледі, шақты білдіреді

жекеше

I Мен оқыппын

II Сен оқыпсың
Сіз оқыпсыз

III Ол оқыпты

көпше

I Біз оқыппыз

II Сендер оқыпсыңдар
Сіздер оқыпсыздар

III Олар оқыпты

Негізгі қимылды анықтайды

- *Әркім өз ойын айтып жатыр.*
- *Келісімге келген соң, Гүлжан үйге жинала бастады*

Қосымша қимылды білдіреді

- *Інісі қуанғаннан жүгіріп кірді.*
- *Балалар түскі асты асықпай ішті*

ЕТІСТІК ШАҚТАРЫ

ОСЫ ШАҚ

1. Нақ осы шақ

дара

күрделі

отыр, тұр,
жатыр, жүр
етістіктері

-ып, -іп, -п жұрнақты
етістікке **отыр, тұр,
жатыр, жүр** етістік-
тері көмекші етістік
қызметінде жіктеліп
тіркесуімен

I Мен отырмын

I Мен оқып отырмын

II Сен отырсың
Сіз отырсыз

II Сен оқып отырсың
Сіз оқып отырсыз

III Ол отыр

III Ол оқып отыр

2. Ауыспалы осы шақ

-а, -е, -й жұрнағы жалғанып
жіктелуі арқылы

1. Құс сайрайды.
2. Балық жүзеді.
3. Адам жүреді

КЕЛЕР ШАҚ

1. Болжалды келер шақ

-ар, -ер, -р, -с жұрнақтары мен жіктік жалғау

I Мен барармын

I Біз барармыз

II Сен барарсың
Сіз барарсыз

II Сендер барарсыңдар
Сіздер барарсыздар

III Ол барар

III Олар барар

2. Мақсатты келер шақ

-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек жұрнақтарына
жіктік жалғау жалғануымен

I Мен оқымақпын

I Біз оқымақпыз

II Сен оқымақсың
Сіз оқымақсыз

II Сендер оқымақсыңдар
Сіздер оқымақсыздар

III Ол оқымақ

III Олар оқымақ

3. Ауыспалы келер шақ

-а, -е, -й жұрнағы мен жіктік жалғау арқылы

I Мен оқимын

I Біз оқимыз

II Сен оқисың
Сіз оқисыз

II Сендер оқисыңдар
Сіздер оқисыздар

III Ол оқиды

III Олар оқиды

Негізгі етістік **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі**
жұрнағымен келіп, оған жіктелген күй-қалып
етістіктерінің тіркесуімен

I Мен оқығалы жүрмін

I Біз оқығалы жүрміз

II Сен оқығалы жүрсін
Сіз оқығалы жүрсіз

II Сендер оқығалы жүрсіндер
Сіздер оқығалы жүрсіздер

III Ол оқығалы жүр

III Олар оқығалы жүр

ӨТКЕН ШАҚ

1. Жедел өткен шақ

-ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтары мен жіктік жалғау

I Мен оқыдым

I Біз оқыдық

II Сен оқыдың
Сіз оқыдыңыз

II Сендер оқыдыңдар
Сіздер оқыдыңыздар

III Ол оқыды

III Олар оқыды

2. Бұрынғы өткен шақ

- 1) **-ып, -іп, -п** жұрнақтары мен жіктік жалғау
- 2) **-ған, -ген, -қан, -кен** жұрнақтары мен жіктік жалғау
- 3) есімше жұрнақтарынан кейін **екен** тіркесуімен

I Мен оқыппын (оқығанмын)

II Сен оқыпсың (оқығансың)
Сіз оқыпсыз (оқығансыз)

III Ол оқыпты (оқыған)

3. Ауыспалы өткен шақ

1) **-атын, етін, -итын, -итін** жұрнақтары мен жіктік жалғау

I Мен оқитынмын (оқушы едім)

II Сен оқитынсың (оқушы едің)
Сіз оқитынсыз (оқушы едіңіз)

III Ол оқитын (оқушы еді)

2) **-ушы, -уші** қосымшасына **еді** көмекші етістігі тіркесуімен

I Біз оқушы едік (оқитынбыз)

II Сендер оқушы едіңдер (оқитынсыңдар)
Сіздер оқушы едіңіздер (оқитынсыздар)

III Олар оқушы еді (оқитын)

Лексика-грамматикалық сипаты

Іс-әрекет пен оны жүзеге асырушы арасындағы қатынасты білдіретін етістік түрі

Түрлері

1. Өздік етіс

- Іс-қимыл, әрекетті жүзеге асырушыны тікелей көрсетеді
- Сабақты етістікті салт етістікке айналдырады

- -ын, -ін, -н;

- Айша жуынды.
- Тауды бұлт орады. – Тау бұлтқа оранды

2. Өзгелік етіс

- Іс-әрекеттің екінші біреу арқылы істелгенін немесе біреуге орындатқанын білдіреді
- Жұрнақтары бірінің үстіне бірі жалғана береді

- -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз;
- -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір;
- -т

Шолпанды сөйлетті. – Шолпанды сөйлеттірді

3. Ырықсыз етіс

- Қимыл, әрекет иесі белгісіз, тек жүзеге асқан істі ғана көрсетеді
- Сабақты етістікті салт етістікке айналдырады

- -ыл, -іл, -л;
- -ын, -ін, -н

- Жауап берілді.
- Үй салынды.
- Кітапты оқыды. – Кітап оқылды

4. Ортақ етіс

- Іс-әрекет, қимылды орындаушының екеу немесе одан да көп екенін білдіреді
- Етістіктің барлық формаларымен өзгереді

- -ыс, -іс, -с

- Гүлім үй жинасты.
- Жазыс – жазысу – жазыспа – жазысқан – жазысар т.б.

Лексика-грамматикалық ерекшеліктері

Қимылдың түрлі белгілерін анықтайды

Ішінара болмаса, түрленбейді

Сөйлемдегі қызметі:

- пысықтауыш: *Жоғары-төмен үйрек-қаз, Ұшып тұрса сымпылдап* (Абай).
- толықтауыш: *Кешегіні айттың ба?*
- бастауыш: *Бүгін* – менің туған күнім.
- анықтауыш: *Кездесуге ең таңдаулы оқушылар қатысты.*
- баяндауыш: *Өзін-өзі танытатын күн де – ертең*

Құрамына қарай түрлері

Негізгі үстеулер

Кеш, ең, өте, тым, аса, дәл, әрі, төмен т.б.

Туынды үстеулер

Артта, әріде, әдейілеп, беріде т.б.

Күрделі үстеулер

Бүгін, бірталай, әжептәуір, бірін-саран т.б.

Мағынасына қарай түрлері

Мезгіл үстеулері

қашан? қашаннан? қай уақытта?

Қимыл, әрекеттің мерзімі, мезгілі, уақыты

Бүгін, биыл, кеше, былтыр, ерте, ертеден, ежелден, күндіз, қазір т.б.

Мекен үстеулері

қайда? қайдан?

Қимылдың мекені, өткен, өтетін орны

Ілгері, төмен, жоғары, артта, алда, алға, сонда, әріде, беріде т.б.

Сын-бейне үстеулері

қалай? қайтіп? қалайша? кімше? не сияқты?

Қимылдың түрлі сапасы, тәсілі, бейнесі

Етпетінен, шалқасынан, тез, шапшаң, осылайша, шикілей, пісілей, іштей, қазақша т.б.

Мөлшер үстеулері

қанша? қаншама? қаншалық?

Қимылдың мөлшері, көлемдік дәрежесі, шама-шарқы

Онша, сонша, мұншама, анағұрлым, сондайлық, бірталай, әжептәуір, қыруар т.б.

Күшейткіш үстеулер

қалай?

Қимыл, әрекетті не өте күшейтеді, не өте кемітеді

Орасан, ең, тым, тіпті, өте, әбден, әрең, кілең, нақ т.б.

Мақсат үстеулері

не мақсатпен? қалай? не үшін? неліктен?

Қимылдың мақсаты

Әдейі, жорта, қасақана, әдейілеп т.б.

Себеп-салдар үстеулері

не себептен? қалай?

Қимылдың себебі, салдары (нәтижесі)

Босқа, бекерге, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан, жоққа т.б.

Лексика-грамматикалық сипаты

- Лексикалық мағынасынан айырылған
- Морфологиялық жағынан түрлене алмайды
- Сөйлем мүшесі болу қабілеті жоқ
- Алғашқы шығу төркінінен біржола қол үзген
- Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады
- Өздері тіркескен сөздерге түрлі қосымша мағыналық реңктер үстейді
- Тұлға жағынан тиянақталған сөздер

Түрлері

Септеуліктер – септік жалғаулы сөзбен тіркесіп, мағынасын толықтыратын шылаулар

- Атау септікті меңгеретін септеуліктер *үшін, сайын, сияқты, туралы, арқылы, бойы, шамалы, гұрлы*
- Барыс септікті меңгеретін септеуліктер *шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу*
- Шығыс септікті меңгеретін септеуліктер *зәрі, бері, кейін, соң, бұрын, бетер*
- Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер *қатар, бірге, қоса*

Жалғаулықтар – сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің арасын байланыстырушы шылаулар

- Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар *және, мен, бен, пен, тағы, әрі, да, де, та, те (-дағы, -тағы)*
- Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар *бірақ, алайда, дегенмен, әйтпегенде, сонда да, онда да, болмаса, әйтсе де*
- Талғаулықты жалғаулықтар *әлде, біресе, бірде, не, немесе, я, яки, болмаса, ендеше*
- Себеп-салдар жалғаулықтар *өйткені, себебі, сол себепті, сондықтан*
- Шартты жалғаулықтар *егер, егерде, алда-жалда*
- Кезектес жалғаулықтар *біресе, бірде, кейде*

Демеуліктер – тіркескен сөздерге қосымша мағыналық реңк үстейтін шылаулар

- Сұраулық демеуліктер *ма, ме, па, не, ба, бе, ша, ше*
- Нақтылау мәнді демеуліктер *қой, зой, -ды, -ді*
- Күшейткіш демеуліктер *-ау, -ай, -ақ, да, де, та, те*
- Шектік демеуліктер *қана, ғана, -ау*
- Болжалдық демеуліктер *-мыс, -міс, -ау (-ау сөйлемдегі қолданылуына қарай шектік, күшейткіш әрі болжалдық болады)*
- Болымсыздық немесе салыстыру демеуліктер *түгіл, тұрсын, тұрмақ*
- Қомсыну демеулігі *екеш*

Лексика-грамматикалық сипаты

- Заттар мен құбылыстар, қимыл, әрекет немесе олардың белгілері жайында ұғым, мағына бермейді
- Бір одағайдың өзі бірнеше мәнде, мағынада жұмсала береді
- Сөйлемде басқа мүшелермен байланыспай, оқшаула- нып тұрады

Одағайлардың емлесі

- Сөйлем басында келсе, одағайдан кейін үтір қойылады: **Қап, ертерек айту керек еді!**
- Сөйлем ортасында келсе, екі жағынан үтір қойылады: **Қарасам, пай-пай, кілемді төсеген-ақ екен!**
- Сөйлемнің соңында келсе, алдынан үтір қойылады: **Әні ән-ақ екен, бәрекелді!**
- Ерекше көңіл, леппен айтылады да, соңынан леп белгісі қойылады: **Алақай, апам келді!**
- Қайталанған одағайлар ортасына дефис (-) қойылады: **Әй-әй, мөһ-мөһ** т.б.

ТҮРЛЕРІ

Құрамына қарай

Негізгі

Ау, па, ей, әй, е,
уа, ә, о, оһо, ой,
аһа, беу т.б.

Туынды

Бәрекелді,
әттеген-ай,
ойтырмай т.б.

Күрделі

Шөре-шөре, о,
тоба, пай-пай,
құрау-құрау,
кә-кә т.б.

Мағынасына қарай

Көңіл күйі одағайлары

Шаттану, таңырқау,
аңсау, қуану, ұнату,
ренжу, түңілу, шо-
шыну, қорқу, назар
аудару, көңіл бөлу
мағыналары

Пәлі, алақай, пай-
пай, аһ, ойбай,
қап т.б.

Жекіру одағайлары

Тыйым салу,
бұйыру, өтіну
мағыналары

Тәйт, тек,
жә т.б.

Шақыру одағайлары

Мал, жан-жануар,
хайуанаттарды
шақыру, қууға
байланысты қол-
данылатын сөздер

Кә-кә, құр-құр,
шөре-шөре т.б.

Лексика-грамматикалық сипаты

- Құбылыстар мен заттардың қақтығысуынан пайда болған дыбыстардың естілуіне және тірі жан иелерінің қимыл-әрекеттерінің көзге көрінуіне байланысты атаулар
- Жалғаулар тікелей жалғанбайды
- Сөйлемде амал пысықтауыш болады
- Түбір еліктеулерден туынды етістіктер мен есімдер жасалады
- Сын есім, шылау сөздермен тіркеспейді

ТҮРЛЕРІ

Мағынасына қарай

Еліктеуіштер – заттардың бір-біріне соқтығысуы кезінде естілетін, түрлі жан иелері шығаратын дыбыстарға қатысты сөздер

Сарт, тақ, тарс, шаңқ, бұрқ-бұрқ, сарт-сұрт, тақ-тұқ т.б.

Бейнелеуіштер – елес, құбылыс, заттар мен тірі жан иелері сыртқы қимылдарының бейне, көрініс атаулары

Жалт, жалп, жылт, қалт, лып, желп-желп, жалт-жұлт т.б.

Құрамына қарай

Негізгі еліктеу сөздер – түбір еліктеу сөздер

Шаңқ, былқ, қалт, елп, жылт т.б.

Туынды еліктеу сөздер – негізгі еліктеу сөздерден және атауыш сөздерден **-ан, -ең, ың, -ің, -ң** жұрнақтары арқылы жасалған еліктеу сөздер

Талтаң, елпең, көлбең, балпаң, торсаң, қорбаң, ирең, домалаң т.б.

Құрылысына қарай

Дара еліктеу сөздер – бір түбірден тұратын еліктеу сөздер

Қалт, арс, тарс, сақ, баж, сылп т.б.

Күрделі еліктеу сөздер – негізгі және туынды еліктеулердің қайталануы немесе қосарлануы арқылы жасалған сөздер

Қалп-қалп, арс-арс, тарс-тұрс, сақ-сұқ, баж-бұж, салп-сылп т.б.

Еліктеу сөздерден сөз таптарының жасалуы

• -ыл, -іл	• <i>Дарыл, дүріл, гүріл, тарсыл, сартыл, гуіл, дүңкіл т.б.</i>
• -ыр, -ір	• <i>Жалтыр, жылтыр, сылбыр, бүкір, шықыр, сықыр т.б.</i>
• -қыр, -кір, -ғыр, -гір	• <i>Пысқыр, ысқыр, түшкір, шыңғыр, т.б.</i>
• -ай, -й, -ей	• <i>Одырай, ерби, теңки, шоңқи, едірей т.б.</i>
• -да, -де	• <i>Арбаңда, ербеңде, қоқаңда, бұраңда, жалпаңда т.б.</i>
• -ыра, -іре	• <i>Балбыра, былбыра, салбыра, үлбіре, бұрқыра т.б.</i>
• -ырай, -ірей	• <i>Бақырай, шақырай, кекірей, күжірей т.б.</i>
• -ақ, -ек, -ық, -к	• <i>Бүлкек, бұрқақ, қалтақ, қылжық т.б.</i>

СИНТАКСИС

СӨЗ ТІРКЕСІ

Сөздердің

байланысу тәсілдері

- Интонация арқылы
- Сөздердің орын тәртібі
- Шылаулар арқылы
- Қосымшалар арқылы

Асан' мұғалімге айтты
Асан мұғалімге' айтты

байланысу түрлері

- Менгеру
- Матасу
- Қабысу
- Жанасу
- Қиысу

Асан айтты
[з.е., етістік, ж.ж.]

түрлері

- Есімді сөз тіркесі
- Қабыса байланысқан есімді
- Менгеріле байланысқан есімді
- Матаса байланысқан есімді

Асан мұғалім

- Етістікті сөз тіркесі
- Қабыса байланысқан етістікті
- Менгеріле байланысқан етістікті

Мұғалімге айтты

синтаксистік қатынастары

- Анықтауыштық
- Толықтауыштық
- Пысықтауыштық

Асан (қай?) мұғалім – мұғалімге (кімге?) айтты

СӨЙЛЕМ

Айтылу мақсатына қарай

хабарлы

сұраулы

лепті

бұйрықты

Хабарлы сөйлемнің соңына нүкте қойылады: *Кеше атам келген.*

Сұраулы сөйлемнің соңына сұрау белгісі қойылады: *Сен қашан келдің?*

Лепті сөйлемнің соңына леп белгісі қойылады: *Халықтар достығы жасасын!*

Бұйрықты сөйлемнен соң үтір немесе леп белгісі қойылады: *Былай тұрыңдар! Сен қолтығынан демеші.*

жай сөйлем

сөйлем мүшелері

- бастауыш
- баяндауыш
- толықтауыш
- анықтауыш
- пысықтауыш

сөйлемдегі оқшау сөздер

- қаратпа
- қыстырма
- одағай

түрлері

- жақты
- жақсыз
- толымды
- толымсыз
- жалаң
- жайылма
- атаулы

Құрамына қарай

құрмалас сөйлем

салалас

- ыңғайлас
- себеп-салдар
- қарсылықты
- түсіндірмелі
- кезектес
- талғаулы

сабақтас

- мезгіл бағыныңқылы
- себеп бағыныңқылы
- қарсылықты бағыныңқылы
- шартты бағыныңқылы
- амал (қимыл-сын) бағыныңқылы
- мақсат бағыныңқылы

аралас

бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы

Ән айтылып, би биленіп, қонақтар жайғасқан еді, сол кезде үй иесі сөз алды.

бағыныңқы, басыңқы, басыңқы


Балалар концертті аяқтап, ұстаздары қимай қоштасты да, үлкендер көздеріне жас алды

Марат, меніңше, өзін тым көтеріп жіберді

СӨЗ ЖӘНЕ СӨЗ ТІРКЕСІ



СӨЗ ТІРКЕСІ, КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР, ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ

Аналитикалық байланыс

Синтетикалық байланыс

Интонация арқылы

- Дауыс ырғағы, әуен негізгі қызмет атқарады
- Дауыс екпіні, логикалық екпіннің қойылуына қарай қай сөз қай сөзбен байланысқаны анықталады

*Жанат апасын күтті.
Жанат апасын күтті*

Сөздердің орын тәртібі

- Сөйлем мүшелері орындарының сақталуын қажет етеді
- Сөздердің орын тәртібінің ауысуы мағыналық өзгеріс тудырады

*Қызық кітап, ақ көйлек.
Кітап қызық, көйлек ақ*

Шылау сөздер арқылы

- Сөз тіркесі құрамындағы сөздерді мағыналық, грамматикалық жағынан байланыстырушы шылаулар болады

*Мектепке дейін екі аялдама бар.
Семей арқылы келіпті*

Қосымшалар арқылы

- Септік, тәуелдік, көптік, жіктік жалғаулармен жасалады
- Сөздерді байланыстыруда ерекше қызметті септік жалғаулар атқарады

*Кітапханадан кітап алды.
Мұғалімді сыйлайтын*

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ

Меңгеру

Атау мен іліктен басқа септік жалғаулар арқылы байланысуы

Қалтаға салды – қалтадан алды, дәптерге қарады – дәптермен кірді т.б.

Матасу

Ілік септік пен тәуелдік жалғау арқылы байланысуы

Ауылдың малы, оқушының кітабы т.б.

Қабысу

Жалғаусыз, іргелес тұрып байланысуы

Оқыған адам, он күн, ақ қағаз т.б.

Жанасу

Жалғаусыз орын тәртібі арқылы алшақ, араға сөз салып байланысуы

Қалықтап ұшу – қалықтап көкте ұшу, бүгін келу – бүгін үйге келу т.б.

Қиысу

Жіктік жалғаумен, яғни жақ жағынан үйлесе байланысуы

Мен айттым. Сен оқушысың

СИНТАКСИСТІК ҚАТЫНАСТАР

Анықтауыштық қатынас

Матасу, қабысу арқылы жасалған байланыс түрлері

Баланың (кімнің?) ойыншығы, төрт (қанша?) кітап т.б.

кімнің? ненің? қандай? неше? қанша?

Толықтауыштық қатынас

Меңгеру арқылы жасалған байланыс түрі

Оқуға (неге?) келу, сөзді (нені?) тыңдау т.б.

кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?

Пысықтауыштық қатынас

Меңгеру, қабысу, жанасу арқылы жасалған байланыс түрлері

Бүгін (қашан?) ашылмақ, жеңіл (қалай?) киіну т.б.

қайда? қалай? қайдан? қашан? қайтін?

Лексика-грамматикалық мағына

- байланыстық: *Гүлсімнің құрбысы, Айшаның әпкесі т.б.*
- мекендік, мезгілдік: *таудың гүлі, жаздың күні т.б.*
- бүтіннің бөлшегі: *бөлменің қабырғасы, үштен екісі т.б.*
- жалқы есімнің жалпы есімге қатыстылығы: *Абай мұражайы, Астана қаласы т.б.*
- түр-түс, рең сипаты: *ақ қағаз, көк аспан т.б.*
- көлемдік мағына: *кең дала, жалпақ бет, жоғары қабат т.б.*

Зат есім (ілік) – зат есім (тәуелдік жалғау), сын есім – зат есім, сан есім – зат есім

- сындық сапаның затқа қатыстылығы: *оқуға ынталы, тілге шешен, іске шебер т.б.*
- қимылдың негізі: *ыстыққа күйе, отқа жану, бұға пісу т.б.*
- қимылға қажетті зат: *орамалға түйе, қағазға жазу т.б.*
- бағыт-бағдар: *үйге кіру, дүкеннен шығу т.б.*
- заттың сапасы: *жусаннан биік, қағазға мығым, сөзге сараң т.б.*

Зат есім – зат есім, зат есім – қимыл есім, зат есім – сын есім

- істің мезгілі: *ерте тұру, кеш келу т.б.*
- істің мекені: *Астанаға бару, ауылдан қайту т.б.*
- істің сын-қимылы: *баппен сөйлеу, жылдам жүру, жалтақтап қарау т.б.*
- істің мақсаты: *қасақана бүлдіру, жорта білмеу, әдейі келу т.б.*
- істің себеп-салдары: *қорқыныштан қалтырау, ұялғаннан үндемеу т.б.*

Үстеу – етістік, зат есім – етістік

Сөз тіркесінің түрлері

Зат есімді тіркестер

Ағаш күрек, аласа төбе, он оқушы, сүйкімді бала т.б.

Сын есімді тіркестер

Ұзын бойлы, үлкен денелі, сөзге шешен, іске шебер т.б.

Сан есімді тіркестер

Балалардың үшеуі, екіден бірі, тамыздың он екісі т.б.

Етістікті тіркестер

Мектептен шығу, апасымен келу, әдейі айту, көп іздену т.б.

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Жақты сөйлем	Құрамында бастауышы бар сөйлем	Анам ауылға қонаққа шақырды
	Мағыналас байланыстағы сөйлемдердің бастауышы алғашқысында болып, соңғысында қайталанбай, ортақтасып келе береді	Бірақ келер алдында хабарласуымды өтінді
	Баяндауыштың тұлғасынан бастауыш белгілі болғанда, бастауыштар сөйлемде айтылмайды	Оны көп тыңдай берме
	Жіктеу есімдіктерінен болған бастауыштарға ерекше екпін түсіріп, мән беру керек болғанда, бірнеше қайталанып айтылады	Мен, мен, мен едім, Мен Нарында жүргенде Еңіреп жүрген ер едім (Махамбет)
Жақсыз сөйлем	Баяндауыштың өзі ғана сөйлемге негіз, ұйытқы болатын сөйлем	Менің оны тыңдағым келмеді
	Етістіктің қалау райының -қы, -ғы, -кі, -гі жұрнақтарынан болады	Қайта жазуға жарамды
	Қимыл атауына барыс септік жалғауы жалғанып, оған бол, кел, жара сөздері тіркеседі	Кітапты оқуға болады
	Атау, барыс септіктегі қимыл атауынан соң керек, жөн, мүмкін бейтарап сөздері тіркеседі	Сабақты уақытында орындаған жөн
	Көсемшенің -ып, -іп, -п жұрнақтарынан соң көмекші етістіктің болымсыз тұлғасы келеді	Жазғанынан ештеңе ұғып болмайды
	Тұрақты сөз тіркесі қатысқан сөйлемдер	Сансыз қатеден аяқ алып жүргісіз
Жалаң сөйлем	Тұрлаусыз мүше қатыспаған сөйлем	Біз барамыз, олар да келеді
Жайылма сөйлем	Тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем	Сөзді кім айтып жүргенін қыздар да білді
Толымды сөйлем	Сөйлем мүшелері қажетіне қарай бәрі қатысады, басқа сөйлемдерге тәуелді болмайды	Менің бақытқа, шаттыққа толы балалық шағым осы жерде өтті
Толымсыз сөйлем	Сөйлемнен белгілі бір мүше немесе бірнеше мүше қайталана бермей, түсіп қалады	Бақыт пен Гүлнұр алдын ала білген еді. Бірақ (олар) қандай екенін айтпады
	Көбінесе желілес, өзектес сөйлемдер мен диалогтарда кездеседі	– Қашан келетінін айтты ма? – Айтты
Атаулы сөйлем	Іс, оқиға жайында баяндауды мақсат етпей, соған қатысты мекен, мезгіл, құбылысты атап көрсететін сөйлем	Қыс. Қазақстан аяз
	Көбінесе зат есім, сын есімнен болады	Орман. Ит тұмсығы өтпестей
	Құрамы жағынан бір сөзден де, екі сөзден де, сөз тіркесінен де тұруы мүмкін	

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Салалас құрмалас сөйлем

Ыңғайлас салалас сөйлем

- Жай сөйлемдер бір-бірімен мезгілдес, ыңғайлас, бағыттал.
- Жалғаулықты және жалғаулықсыз болады
- **Да, де, және, әрі** жалғаулықтарымен байланысады

Себеп-салдар салалас сөйлем

- Сөйлемдердің бірінде оқиға себебі, екіншіде нәтижесі баяндалады
- Жалғаулықты және жалғаулықсыз болады
- **Сондықтан, сол себепті, өйткені, себебі** жалғаулықтарымен байланысады

Қарсылықты салалас сөйлем

- Іс-әрекеттің жүзеге асуы не аспауына қарай бір-біріне қарама-қарсы қойылады
- **Бірақ, дегенмен, әйтсе де, десе де, сонда да, алайда** жалғаулықтарымен байланысады
- Қарсылық мағына етістіктің болымсыз түрімен, **емес, жоқ** сөздерімен беріледі

Талғаулы салалас сөйлем

- Екі сөйлемнің бірі екіншісіне талғау, таңдау мағынасында болады
- Тек жалғаулықпен жасалады (**не, немесе, я, яки, болмаса, не болмаса, әлде, мейлі, құй**)
- Әрбір сыңарында жалғаулықтар қайталанады

Кезектес салалас сөйлем

- Іс-әрекеттің жүзеге асуы кезектесіп келеді
- Жалғаулықты түрі **бірде, біресе, кейде** жалғаулықтарымен байланысады
- Екі сыңарында да шылаулар қолданылады

Түсіндірмелі салалас сөйлем

- Бірін-бірі түсіндіру мағынасында болады
- Жалғаулықсыз байланысады
- **Сол, сондай, сонша, мынандай, осы** сөздері қатысады

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер арасына, негізінен, үтір қойылады:
Не өзім келермін, не інімді жіберермін.

Және, әрі жалғаулықтары арқылы байланысқанда, жай сөйлемдер арасына үтір қойылмайды: *Бүгін баруым керек еді әрі дайын көлік те бар.*

Әрі жалғаулығы қайталанып келсе, жай сөйлемдер арасына үтір қойылады: *Әрі сол ауылдың баласы, әрі аудан көлемінде беделі де бар.*

Сабақтас құрмалас сөйлем

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем

- Бағыныңқыдағы іс-әрекет басыңқыдағы істің орындалу мезгілін білдіреді
- Есімше, көсемше, шартты рай жұрнақтарымен жасалады

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем

- Бағыныңқыда басыңқыдағы іс-әрекеттің себебі ашылады
- Есімше, көсемше арқылы жасалады

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем

- Бағыныңқыдағы іс-әрекет басыңқыдағы іске қарама-қарсы мәнде айтылады
- Шартты рай, есімше жұрнағына көмектес, барыс септік жалғауы жалғанады
- Көсемше жұрнағына **түр** етістігі тіркесуімен жасалады

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем

- Бағыныңқы басыңқыдағы істің шартын білдіреді
- **-са, -се** жұрнағымен, **-ған, -ген, -қан, -кен** және жатыс септік жалғауымен, көсемше арқылы жасалады

Амал (қимыл-сын) бағыныңқылы сабақтас сөйлем

- Бағыныңқыда басыңқыдағы іс-әрекеттің қалай, қандай жолмен жүзеге асатыны айтылады
- Көсемше, есімше жұрнақтары арқылы жасалады

Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем

- Бағыныңқы басыңқыдағы істің, ойдың мақсатын білдіреді
- Қимыл атауына *үшін* шылауы тіркеседі, **деп** көмекші етістігі және **-ар, -ер, -р** жұрнақтары, **деп** көмекші етістігі және бұйрық райдың III жағымен жасалады

Сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдер арасына, негізінен, үтір қойылады: *Ұлы сапардан келген соң, апамыз той қамына кірісті.*

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР

бастауыш

- Сөйлемде атау септігінде тұрады
- Баяндауыш анықтайтын іс-қимыл иесі болады
- Баяндауышпен жақ, шақ жағынан қиыса байланысады

баяндауыш

- Бастауышпен бір тұлғада болады
- Сөйлемді тиянақтап тұрады. Бастауышсыз да сөйлемге ұйытқы болады

анықтауыш

- Сөйлемде сын, тұр-түс, иелік, көлем, мөлшер, сапа белгілерін білдіреді
- Өзі анықтайтын сөзбен матаса, қабыса байланысады

ТҮРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕР

толықтауыш

- Іс-әрекетті заттық мағына жағынан сипаттайды
- Мағынасы мен байланыс түріне қарай тура және жанама толықтауыш
- Байланыс меңгеру және жанасу түрлерінен жасалады

пысықтауыш

- Іс-әрекет, оқиғаның мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын, сын-қимылын білдіреді
- Мағынасына қарай *мезгіл* пысықтауыш, *мекен* пысықтауыш, *сын-қимыл* пысықтауыш, *себеп-салдар* пысықтауыш, *мақсат* пысықтауыш болады
- Меңгеру, жанасу, қабысу арқылы жасалады

кім? кімдер? не? нелер? кімі? несі? қаншасы?

Қай сөз табынан жасалса, соның сұрақтарына жауап береді

қандай? қай? қанша? неше? кімнің? ненің? неше?

Барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері сұрақтары

қашан? қалай? неге? не себепті? не үшін? қайдан? қайтін?

Жасалуы

- Атау тұлғадағы зат есім: *Гүлжан апасына қонаққа келді.*
- Есімдік: 1. *Олар кеше келгендер.* 2. *Бәрі осыны дұрыс десті.*
- Заттанған сын есім: 1. *Үлкені алға жасқана қадам басты.* 2. *Жарлы болсаң да, арлы бол* (мақал).
- Заттанған сан есім: 1. *Екеуі оқыған екен.* 2. *Он беске бөлінеді.*
- Есімше мен қимыл есім: 1. *Келген осының жай-жапсарын айтты.* 2. *Айту – парыздан құтылу емес*

- Етістік: *Биыл егін орағы ерте басталды.*
- Зат есім: *Мұрат – білікті маман.*
- Сын есім: *Талапсыз адам – табансыз.*
- Сан есім: *Бес жерде бес – жиырма бес.*
- Есімдік: *Бүгінгі заман билігі – осыларда.*
- Есім сөздер мен етістіктерден құрама баяндауыш: *Мұғалімнің алдында қып-қызыл болып кетті.*
- Үстеу: 1. *Қызықтың алды жазда.* 2. *Емтихан болатын күн – ертең*

- Сын есім: *Аспандағы ақ бұлттар да ойнайтындай.*
- Зат есім: *Жігіттің үш жұрты бар* (мақал).
- Сан есім: *Байқауға он бес оқушы қатысты.*
- Есімдік: *Оның шығармасы үздік деп табылды.*
- Есімше: *Үзілген нәрсені жалғау оңай емес*

- Зат есім: *Гүлімді осы ой арманға жетелейді.*
- Заттанған есімдік: *Бұны бәрі білетін.*
- Заттанған сын есім: *Аққа құдай жақ.*
- Заттанған сан есім: *Үшіншіні ерте бітірді.*
- Заттық мағынаға ауысқан есімше, қимыл есім: 1. *Білмегенді сұрап алу ұят емес.* 2. *Қайта көшіруге көп уақыт кетті.*
- Толық мағыналы сөзге **туралы, жөнінде, жайында** шылаулары тіркеседі: *Елжас туралы достары жақсы пікірлер айтты*

- Үстеу: *Төменде інісі күтіп тұрған.*
- Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі зат есім: *Көшеден ауылдасын көрді.*
- Көсемше: *Әжесі немересіне күлімсірей қарады.*
- Есімдік: *Туысқандар осындайда жиналатын.*
- Еліктеу: *Есікке тақай бере кілт тоқтады.*
- Сын есім: *Ыстықта мал да жайыла алмады.*
- Сан есім: *Атасы сексенінде шөбере сүйді*

СТИЛЬ

СТИЛЬ ТҮРЛЕРІ	ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	ҚОЛДАНЫЛУЫ
Ауызекі сөйлеу стилі	- Бетпе-бет сөйлеу арқылы жүзеге асады - Диалог түрінде болады - Сөйлем құрылысы тұрақты бола бермейді - Бет, қол қозғалыстары да белгілі мәнде жұмсалады	Ауызекі сөйлеуде
Көркем әдебиет стилі	- Сөздер, грамматикалық тұлғалар таңдалынып алынады - Көркемдегіш құралдар қолданылады - Сөйлем құрылымы да өзгеруі мүмкін	Көркем әдебиетте
Ресми іс қағаздары стилі	- Сөздер өз мағынасында болады - Сөйлем құрылымы тұрақты - Қалыптасқан тілдік үлгі, қалып сақталады - Өз саласында қолданылатын арнайы терминдері бар	Құжаттарда
Публицистикалық стиль	- Сөйлем құрылымы өзгеруі мүмкін - Тыңдаушыға, оқушыға бірден әсер ететін сөздер таңдалынып алынады - Сөздер ауыспалы мағынада да қолданылады	Газет-журналдар, қоғамдық әдебиеттерде
Ғылыми стиль	- Сөздер мен сөз тіркестері тура мағынада айтылады - Ой дәл, нақты түсіндіруді қажет етеді - Ғылымның әр саласынан терминдер қолданылады	Ғылыми шығармалар, техникалық әдебиеттер